

Заречный, Шеңгелді ауылдық округтері және Қапшағай қаласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 16 маусымдағы № 384 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 23 маусымда № 2758 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 993 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімдігінің 13.12.2017 № 993 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Қапшағай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Заречный, Шеңгелді ауылдық округтері және Қапшағай қаласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Сүгіров Илияс Сейтбекұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н. Таубаев

Қапшағай қаласы әкімдігінің 2014 жылдың "16" маусымдағы" "Заречный, Шеңгелді ауылдық округтері және Қапшағай қаласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" № 384 қаулысына
қосымша

Заречный, Шеңгелді ауылдық округтері және Қапшағай қаласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Елді мекеннің атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны		Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (тенге)	
Заречный, Шеңгелді ауылдық округтері және Қапшағай қаласы	Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын - орталықтар	Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын -орталықтар
	1750-1750	575-575	14733-15244	10680-12389

кестенің жалғасы

Мектепке дейінгі ұйымдар ата-аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (тенге)		Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (тенге)	
Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын - орталықтар	Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын -орталықтар
10000-10000	8000-10000	14787-15674	10823-12555